

**Бәйтерек ауданы мәслихатының "Бәйтерек ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 8-8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы мәслихатының 2024 жылғы 7 маусымдағы № 15-32 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 маусымда № 7393-07 болып тіркелді

**Бәйтерек ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бәйтерек ауданы мәслихатының "Бәйтерек ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 8-8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7254-07 тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Бәйтерек ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

**2 - тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:**

"1) Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған занды тұлға.".

**7 - тармақтың 8) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:**

"8) дүлей апаттың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен адамдарға (отбасына) осы жағдай туындаған кезден бастап үш ай ішінде, табыстарын есепке алмай 100 (жұз) айлық есептік көрсеткіштің шекті мөлшерінде, бір рет.".

**2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнін кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.**

*мәслихат төрағасы*

*H. Хайруллин*